

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті

Т.К. Басенов атындағы Сәулет және Құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ГАНИЕВА ДИАНА ЖАРКИНБЕКОВНА

Тақырыбы: «Қызылорда қаласындағы қалыптау жүйелерін салыстыра отырып
салынған сауда және ойын-сауық орталығы»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА

6B07302 – «Құрылыс инженерия»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті

Т.К. Басенов атындағы Сәулет және Құрылыс институты


«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған

профессор

 Д.А.Ахметов
«___» _____ 2023ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Қызылорда қаласындағы қалыптау жүйелерін салыстыра
отырып салынған сауда және ойын-сауық орталығы»

6В07302 – «Құрылыс инженерия»
білім алу бағдарламасы

Орындаған

 Ганиева Д.Ж.

Рецензент


т.ғ.м., аға оқытушы

 Оразбаева Д.А.
«___» _____ 2023 ж.



Ғылыми жетекші

т.ғ.м., аға оқытушы

 Алимбек А.Е.
«___» _____ 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Басенов атындағы Сәулет және Құрылыс институты


Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженерия»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған
профессор

 Д.А. Ахметов
«_____» _____ 2023 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Ганиева Диана Жаркинбековна

Тақырыбы: «Қызылорда қаласындағы қалыптау жүйелерін салыстыра отырып
салынған сауда және ойын-сауық орталығы»

Университет ректорының «23» қараша 2022ж. №408-П/Ө – бұйрығымен
бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «10» мамыр 2023 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Қызылорда
қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі – қаңқалы; ұстындар, плиталар,
аркалықтар тұтасқұймалы темірбетоннан жасалған.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Сәулеттік-аналитикалық бөлім: құрылыс ауданының сипаттамалары,
көлемдік-жоспарлық шешімдер, ғимараттың сәулеттік шешімі, қоршау
конструкциясының жылутехникалық есебі, ғимаратты инженерлік жабдықтау.
2. Есептік - конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схеманы
құру, аркалықты есептеу, ұстынды есептеу.
3. Құрылыс өндірісінің технологиясы бөлімі: жер асты жұмыстарының көлемін
анықтау, мұнаралы кранды таңдау, бетонтасушы машиналардың санын анықтау,
ғимараттың жер үсті темірбетон конструкцияларды монтаждаудың
технологиялық картасын тұрғызу, құрылыстың бас жоспарын жобалау;
күнтізбелік жоспарды жасау.

4. Құрылыс экономикасы бөлім: жергілікті және объектілік сметаларды жасау.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеттері, қималар, түйіндер, спецификация, жоспарлар - 5 парақ;
2. Ұстын, аражабын тақта, спецификациялар - 2 парақ;
3. Бетон құю жұмыстарының техкартасы, құрылыс өндіріс күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар - 3 парақ




Ұсынылатын негізгі әдебиет:

1. ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2010 Құрылыс климатологиясы, Алматы, 2011;
2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 Құрылыс жылу техникасы, Құрылыс істері жөніндегі комитет МЭиТ РК. – Астана, 2010.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

№	Бөлем	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
1	Сәулет-аналитикалық	23.01.2023ж.- 20.02.2023ж.				
2	Есептік-конструктивтік		20.02.2023ж.- 26.03.2023ж.			
3	Ұйымдастыру-технологиялық			27.03.2023ж.- 30.04.2023ж.		
4	Экономикалық				01.05.2023ж.- 07.05.2023ж.	
5	Алдын ала қорғау	08.05.2023ж.-15.05.2023ж.				
6	Антиплагиат	16.05.2023ж.-30.05.2023ж.				
7	Нормобақылау	10.05.2023ж.-17.05.2023ж.				
8	Сапаны бақылау	18.05.2023ж.-30.05.2023ж.				
9	Қорғау	01.06.2023ж.-12.06.2023ж.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған **қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Алимбек А.Е., т.ғ.м., аға оқытушы	23.01.23	
Есептік-конструктивтік	Алимбек А.Е., т.ғ.м., аға оқытушы	26.03.23	
Ұйымдастыру-технологиялық	Алимбек А.Е., т.ғ.м., аға оқытушы	27.03.23	
Экономикалық	Алимбек А.Е., т.ғ.м., аға оқытушы	01.05.23	
Нормобақылау	Халелова А.К., т.ғ.м, ассистент		
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В., т.ғ.м, аға оқытушы		

Ғылыми жетекшісі

 Алимбек А.Е.

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы

 Ганиева Д.Ж.

Күні «___» _____ 2023 ж.

АҢДАТПА

«Қызылорда қаласындағы қалыптау жүйелерін салыстыра отырып салынған сауда және ойын-сауық орталығы» дипломдық жобасы сызба бөлімінен және түсініктеме қағазынан тұрады. Жұмыста кіріспе, негізгі бөлімдер, қорытынды, әдебиеттер тізімі және қосымшалар келтірілген. Төрт негізгі бөлім, яғни сәулеттік-аналитикалық, есептік-конструктивтік, ұйымдастыру-технологиялық, экономикалық бөлімдернен құралады. Сәулеттік-аналитикалық бөлім сәулеттік, инженерлік және аналитикалық бөлімшелерден тұрады; есептік-құрылымдық бөлім есептік және құрылымдық бөлімшелерден; ұйымдастыру-технологиялық бөлім технологиялық және ұйымдастыру бөлімшелерден; экономикалық бөлім жергілікті және объектілік сметаны есептеуден тұрады. Әр бөлімшелер бірнеше тақырыптарды қамтиды.

Ғимараттың сәулеттік бөлімі AutoCAD 2018 бағдарламасы бойынша жобаланды. Есептік-құрылымдық бөлімі Лира САПР 2016 бағдарламасы арқылы жасалынды. Ұйымдастыру – технологиялық бөлімі AutoCAD 2018 бағдарламасы бойынша жасалынып шығарылды. Ал экономикалық бөлім СМЕТА РК 2020 бағдарламасында есептелді.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект "Торгово-развлекательный центр в г. Кызылорда" состоит из чертежного раздела и пояснительной записки. В работе представлены введение, основные разделы, заключение, список литературы и приложения. Четыре основных раздела: архитектурно-аналитический, расчетно-конструктивный, организационно-технологический, экономический. Архитектурно-аналитическое подразделение состоит из архитектурных, инженерных и аналитических подразделений; расчетно-структурное подразделение состоит из расчетных и структурных подразделений; организационно-технологический отдел состоит из технологических и организационных подразделений; экономический отдел состоит из расчета локальных и объектовых смет. Каждый подраздел охватывает несколько тем.

Архитектурный отдел здания был спроектирован по программе AutoCAD 2018. Расчетно-структурное подразделение создано по программе Лира САПР 2016. Организационно-технологический отдел разработан и выпущен по программе AutoCAD 2018. А экономическая часть была рассчитана в программе Сметы РК 2020.

ANNOTATION

The diploma project "Shopping and entertainment center in Kyzylorda" consists of a drawing section and an explanatory note. The paper presents an introduction, main sections, conclusion, list of references and appendices. There are four main sections: architectural-analytical, computational-constructive, organizational-technological, economic. The architectural and analytical division consists of architectural, engineering and analytical divisions; the settlement and structural division consists of settlement and structural divisions; the organizational and technological department consists of technological and organizational units; the economic department consists of the calculation of local and object estimates. Each subsection covers several topics.

The architectural department of the building was designed according to the AutoCAD 2018 program. The settlement and structural unit was created under the Lira CAD 2016 program. The Organizational and Technological Department was developed and released under the AutoCAD 2018 program. And the economic part was calculated in the budget program of the Republic of Kazakhstan 2020.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	11
1 Сәулеттік-аналитикалық бөлім	12
1.1 Сәулеттік бөлімше	12
1.1.1 Құрылыс ауданын және климаттық жағдайларын сипаттау	12
1.1.2 Ғимараттың сәулеттік шешімі	13
1.1.3 Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі	13
1.2 Инженерлік бөлімше	14
1.2.1 Жылыту және желдету	14
1.2.2 Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі	15
1.3 Аналитикалық бөлімше	16
1.3.1 Іргетас нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу	16
2 Есептік – құрылымдық бөлім	18
2.1 Есептік схеманы құру	18
2.2 Жүктемелерді анықтау	18
2.2.1 Қар жүктемесін анықтау	18
2.2.2 Жел жүктемесін анықтау	19
2.3 Сейсмикалық жүктемелерді анықтау	23
2.4 Арқалық есебі және құрылымдалуы	24
2.5 Ұстынды есептеу	27
3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлім	32
3.1 Технологиялық бөлімше	32
3.1.1 Ғимаратты салу жұмыстарының көлемін анықтау	32
3.1.2 Жер жұмыстары процесінің кешенді механикаландырылған әдісі	39
3.1.3 Монтаждау крандарын таңдау	44
3.1.4 Бетон қоспасын тасымалдау әдісін есептеу	47
3.1.5 Еңбек сыйымдылығын анықтау және еңбек шығындарын есептеу	48
3.2 Ұйымдастыру бөлімшесі	48
3.2.1 Құрылыс бас жоспарын есептеу және жобалау	48
3.2.2 Құрылыс алаңын жарықтандыру	49
3.2.3 Су қажеттілігін есептеу	49
3.2.4 Уақытша ғимараттар мен қойма алаңдарының қажеттілігін есептеу	50
3.2.5 Құрылыс алаңында автокөлік қозғалысын ұйымдастыру	51
3.2.6 Жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспарын жасау	52
3.2.7 Қауіпсіздік техникасы бойынша іс-шаралар	53
4 Экономикалық бөлім	54
ҚОРЫТЫНДЫ	55
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	56
А Қосымшасы	57

Б Қосымшасы	67
В Қосымшасы	70
Г Қосымшасы	72
Д Қосымшасы	74

КІРІСПЕ

Қай уақытта болмасын сауда адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонау Ұлы Жібек Жолының бойында жасалған сауда адамзат тарихында жасалған сауда-саттықтың ең биік шыңы деседі. Батыс пен Шығысты байланыстырып, көптеген қалалардың пайда болуы соның дәлелі болып табылады. Сонымен қатар талай тарихи орындардың күллі әлемге танылуына жол ашқан. Көбінесе айырбас, заттай сауда түрінде болатын сауда-саттық өзінің дамуы жолында бірте-бірте ақшалай түрге ауыса бастады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жерінде ел аралап жүріп жасайтын сауда, жәрмеңкелік және тұрақты сауда түрлері пайда болды. Қалаларда дүкендер мен дүңгіршіктер ашылды. Далалық сауда жолдарымен қатар су жолы, темір жол қатынастары дамып сауда жолының барынша кеңеюіне жол ашты. Сол сәттен бастап күні бүгінге дейін сауда адам өмірінен жыраққа кеткен жоқ, керісінші жылдан жылға дамып, өсіп-өркендеп қызмет ету саласына да айналып кетті.

Бүгінгі таңда заман талабына сәйкес халыққа қызмет ету аса қарқынмен дамып келе жатыр. Нарықтық экономика дамығалы бері көптеген кәсіпорындардың саны ұлғайып, өз жұмыстарын ойдағыдай атқаруда. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы – сауда және ойын-сауық орталықтары.

Қазіргі таңдағы тұтынушылар әр жерге бармай, уақыттарын тиімді пайдаланғанды ұнатады, сол себептен бір ғимараттың қызмет түрлерін тұтынады. Бүгінде бір жерден шықпай-ақ дүкен аралау, кино қарау, тамақтану, балаларды ойнату, көптеген қызықты шоуларды тамашалауға болады. Елімізде халықтың барлық қажеттіліктерін өтей алатын көптеген сауда және ойын-сауық орталықтары бар. Ол өзінің сәулеті жөнінен қала құрылыстарының бірде-біреуіне ұқсамайды. Оның құрылысы заманауи стандарттарға, халықтың талаптарына сай етіп салынған және жаңа технологиялармен жабдықталған. Өзінің таптырмас сәулеті мен қызмет көрсету жағынан сауда және ойын-сауық орталығы қоғамның әлеуметтік негізгі тетігі болып саналады.


1 Сәулеттік-аналитикалық бөлім

1.1 Сәулеттік бөлімше

1.1.1 Құрылыс ауданын және климаттық жағдайларын сипаттау

Құрылыс алаңы Қызылорда қаласында орналасқан. Қызылорда еліміздің оңтүстігіндегі қала, Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан және Қызылорда облысының әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы болып табылады.

Климаты континенталды. Жазы ыстық және ұзақ мерзімді. Жауыш-шашын мөлшері аз байқалады. Орташа жылдық мөлшері 100-190 мм аспайды. Сонымен қатар солтүстік-шығыс бағыттағы орташа жылдық жылдамдығы секундына 3,1 метрден 6 метрге дейін ауытқып отыратын күшті және жиі желдер болып тұрады. Қыс мезгілдеріндегі күшті желдер төменгі температура жағдайында жер бедерлерінің биік беткейлеріндегі қар жамылғыларын ұшырып кетеді, нәтижесінде топырақтың беткі қабаттарының терең қатуына және жарылуына әкеліп соғады. Ал жазғы уақыттарда шаңды дауылдар байқалады. Жел раушаны төмендегі 1.1 суретте көрсетілген.



1.1 Сурет – Жел раушаны

ҚР ЕЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» нормативтік құжаты бойынша құрылыс алаңының климаттық сипаттамасы:

- құрылыстың климаттық ауданы – IVA (А қосымшасы);
- ең суық тәуліктегі ауаның орташа есептік температурасы (0,98 мәнімен) – $-29,4^{\circ}\text{C}$ (3.1 кесте);
- ең суық бес күндіктегі ауаның орташа есептік температурасы (0,98 мәнімен) – $-27,8^{\circ}\text{C}$ (3.1 кесте);

- орташа айлық салыстырмалы ылғалдылық (ең суық айдың, яғни қаңтар 15 сағатындағы) – 69% (3.1 кесте);
- жылыту кезеңіндегі орташа айлық салыстырмалы ылғалдылық - 73% (3.1 кесте);
- ауаның орташа жылдық көрсеткіші – 10,5°C (3.3 кесте);
- жел ауданы – III;
- қар ауданы – I;
- ауданның сейсмикасы – 7 балл.

1.1.2 Ғимараттың сәулеттік шешімі

Ғимаратты қала шетіндегі Батырбаев көшесінің бойында тұрғызу жоспарланып отыр. Басты жоспардың жалпы схемасы ғимараттың сәулеттік-жобалау негіздеріне толықтай жауап береді. Құрылыстың шарттары қоғамдық әкімшіліктің ғимараттары үшін қабылданған нормативтік актілерге сәйкес келеді.

Қызылорда қаласындағы сауда және ойын-сауық орталығы 4 қабаттан тұрады және әр қабаттың биіктігі 5 м. Жертөле қабатының биіктігі 5 м-ді құрайды. Әр қабат өзінің алуандығымен ерекшеленеді. Ғимарат іргетасы плиталы іргетас қалыңдығы 1400 мм (құрылыс алаңындағы топырақ түрі-құмдақ болғандықтан) Ғимараттың құрылымдық сұлбасы - бұл рамамен біріктірілген тірек: темірбетон ұстындары, темірбетон арқалық конструкциясы. Ұстындар – 400х400мм қималы. Сыртқы қабырғалар – әйнектен жасалынған. Еден – монолитті бетонды.

1.1.3 Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі

Зерттелетін құрылымның жылу берілуінің жалпы кедергісі тұрақты жылу ағынымен және берілген климаттық және санитарлық-гигиеналық жағдайларда сол құрылымның жылу берілуінің қажетті кедергісімен анықталады. Барлық есептеулер дайын нәтижелерді ғана емес, есептеу барысын да көрсетуі керек.

Қоршау құрылымының қажетті жылу беру кедергісін мына формула бойынша анықтау қажет:

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{n(t_{\text{в}} - t_{\text{н}})}{\Delta t^{\text{н}} \cdot \alpha_{\text{в}}} = \frac{1 \cdot (20 - (-31))}{6 \cdot 7,5} = 1,13$$

мұндағы $\Delta t^{\text{н}}$ - ішкі беттің температурасы мен ішкі ауаның температурасы арасындағы нормативтік температуралық айырмашылық бойынша алынады; $\Delta t^{\text{н}} = 6^{\circ}\text{C}$;

$\alpha_{\text{в}}$ - қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті; $\alpha_{\text{в}} = 7,5 \text{ Ккал/ч.м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}$;

n - сыртқы ауаға қатысты қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жағдайына байланысты қабылданатын коэффициент; $n=1$;

t_b - ішкі ауаның есептік температурасы, °C; $t_b=20$ °C;

t_n - сыртқы ауаның есептелген қысқы температурасы, °C; $t_n= -31$ °C;

Қоршау конструкциясының жылу инерциясын D мынадай формула бойынша айқындалады:

$$D = R_1 \cdot S_1 + R_2 \cdot S_2 = 0,714 \cdot 8,75 + 0,013 \cdot 9,45 = 6,248 + 0,123 = 6,371$$

$4 < 6,371 < 7$, болғандықтан $t_n = -31$ °C (Қызылорда қаласы бойынша) мұндағы S_1, S_2 -материалдардың жылу сіңіруінің есептік коэффициенттері 2-қосымшадағы 8-кесте бойынша алынады; $S_1 = 8,75$ ккал/ (ч.м., °C),

$S_2 = 9,45$ ккал/ (ч.м., °C)

R_1, R_2 —жеке қабаттардың жылу кедергісі мына формула бойынша анықталады:

$$R_1 = \frac{\delta_1}{\lambda_1} = \frac{0,125}{0,7} = 0,179$$

$$R_2 = \frac{\delta_2}{\lambda_2} = \frac{0,025}{0,8} = 0,031$$

Тексеру: $125 + 25 = 150$ мм

Қоршау құрылымының жылу беру кедергісін R_0 келесі формула бойынша анықтау керек :

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_b} + R_k + \frac{1}{\alpha_n} = \frac{1}{7,5} + 0,21 + \frac{1}{20} = 0,393$$

$$R_k = 0,179 + 0,031 = 0,21$$

Қорытынды: Жылу техникалық есептің талабына сай қоршау конструкциясының қажет етілген жылу беру кедергісі қоршау конструкцияның жылу беру кедергісінен үлкен $R_0^{TP} > R_0$, яғни $1,13 > 0,393$, сондықтан алынған материал қыста жылуды жоғалтпайды.

1.2 Инженерлік бөлімше

1.2.1 Жылыту және желдету

Сауда орталықтарының басым көпшілігі модульдік типтегі орталық кондиционерлермен жабдықталған. Кондиционер модульдерінің құрамы белгілі бір объектінің қажеттіліктері мен қажеттіліктеріне қарай таңдалады. Кондиционерді жылумен қамтамасыз ету жылу жүйесінен ыстық су немесе бу

беру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда салқындатқыштың параметрлері $110^{\circ}\text{--}60^{\circ}\text{C}$, салқындатқыш минус $7\text{--}12^{\circ}\text{C}$ құрайды. Қазіргі сауда орталықтарын жобалау кезінде кондиционер, әдетте, бірнеше кластарға бөлінеді:

- бірінші класс — кафе және мейрамхана залдары, сауда залдары, бутиктер, кинозалдар, балалар орталығы, боулинг, бильярд бөлмесі үшін;

- екінші класс-сауда-көрме аймағының үй-жайлары, мультиплекстің фойесі мен қысқы бағы, салқындатылатын камералар, фудкорт, интернет-кафе, мейрамхана бөлігінің әкімшілік және ыстық цехтары үшін;

- үшінші класс — мейрамхана бөлігінің, атриумның өндірістік үй-жайлары үшін.

Бутиктердің үй-жайларында кіретін ауа да жоғарыдан беріледі және ашылатын есіктер арқылы үзінділер көлеміне шығарылады. Мейрамхана залдары үшін вытыстыратын ауа тарату жүйесі жасалған. Ауа тарату жүйесі тек салқындату режимінде жұмыс істейді.

Сауда орталықтарын жылыту

Сауда орталықтарының үй-жайларында орталық су жылыту жүйелері жобаланады. Ауамен жылытылатын бөлмелерде жылу энергиясын тұтынуды үнемдеу үшін, әдетте, түнгі ауа температурасын $14^{\circ}\text{--}15^{\circ}\text{C}$ дейін төмендету арқылы мезгіл-мезгіл жылыту режимі қолданылады, содан кейін оны жұмыс басталғанға дейін екі сағат бұрын қыздырады.

Үлкен әйнек беті бар үй-жайлар қыздырылған ауаның әйнек беті бойымен төменнен жоғары қарай жылжуын қамтамасыз ететін желдеткіш конвекторлармен жабдықталады. Мұндай техникалық шешім суық ауаның төмен қарай ағуын жояды және әйнек бетінде конденсацияның пайда болуын болдырмайды. Мысалы, жоғарыда аталған "Гранд-2" сауда-ойын-сауық кешенін жылыту үш автономды газ ЦТП көмегімен жүзеге асырылады. Су айналымы үшін жүйеде салқындатқыштың жеткілікті шығынын қамтамасыз ететін қуатты айналым сорғылары қолданылады. Бұл опция қондырғылардың электр қуатын тұтынуды едәуір азайтуға және жылу жүйесінің жұмысын оңтайландыруға мүмкіндік береді (40% дейін).

1.2.2 Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі

Бірде-бір сауда орталығы жақсы жоспарланған су жүйесінсіз жасай алмайды. Әдетте, сауда орталықтары орталықтандырылған су құбырына қосылған болып табылады.

Жаңа сауда орталығында су құбыры бақылаушы органдармен келісілген жобаға сәйкес салынады

Сауда-ойын-сауық орталығында сумен жабдықтауды монтаждау кезеңдері

- Орталық сумен жабдықтау жүйесіне қосу;

– СОО ішіндегі сумен жабдықтауды тарату: жабдықты орнату және қосу (сорғыларды, есептегіштерді, сүзгілерді, клапандарды, бекіту арматурасын орнату), Құбырларды төсеу, Орталық магистральға кесу;

– Сантехниканы құрастыру және орнату-дәретханалар, раковиналар, раковиналар, кір жуғыш машиналар, душ және т. б.;

– Ішкі кәріз – кәріз құбырларын, сантехникаға арналған сымдарды, қажет болған жағдайда – сололифттерді төсеу, Орталық магистральға кесу.

Кәріз жүйесі

Сауда және қызмет көрсету кәсіпорындары тұрғын үйлердің (дүкендер, сұлулық салондары) бірінші және жертөле қабаттарында, ірі сауда орталықтарында, өз ғимараттарында (баспаханалар, моншалар мен сауналар, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары) немесе құрылыстарда (мысалы, көлік жуу орындары) орналасқан және орталықтандырылған немесе автономды сумен жабдықтау жүйесі бар.

Ағынды суларды жинау, сақтау және кәдеге жарату жүйелерінің ең күрделі құрылымында қала маңында орналасқан ірі сауда орталықтары бар. Әр түрлі мақсаттағы көптеген нысандар, күніне мыңдаған келушілер және бақылаушы ұйымдарды қатаң тексеру СОО кәріз жүйелерін жобалауға, монтаждауға және қызмет көрсетуге байыпты қарауды міндеттейді.

1.3 Аналитикалық бөлімше

Ғимараттың құрылымдық жүйесі – қаңқалы, монолитті темірбетон конструкциясынан, іргетас – темірбетонды, сыртқы қабырға әйнектен жасалған, қабат аралық жабын – монолитті темірбетонды плита, жертөле қабатының қабырғасы – тұтас құймалы темірбетон.

Бағандар – 400х400 мм. Қоршау құрылымдары әйнектен жасалған қасбет.

Ғимараттың функционалды мақсаты қабылданған көлемдік – жоспарлау шешімдерінің сәйкес келуі. Ғимарат қабаттарының оқшаулау және жарықтандыру мәселелерін ескере отырып, сонымен қатар құрылыстың көлемдік және кеңістіктік құрамын толықтай көрінісін ескере отырып қабылданды.

1.3.1 Іргетас нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу

Іргетас орналасқан топырағының түріне және жерасты қабаттарының орналасуына, сонымен қатар ғимаратқа байланысты іргетас – құйылмалы деп қабылдадым. Іргетас түрі – тақталы, қалыңдығы 1400 мм. Топырақтың қату тереңдігінен төмен орналасқан, яғни топырақтың қатуы іргетасқа әсер етпейді.

Топырақтың маусымдық қатуының нормативтік тереңдігі:

$$d_{fn} = d_0 \sqrt{M_t} = 0,28 \cdot \sqrt{(9,1 + 7,3 + 6,2)} = 1,33$$

мұндағы $d_0 = 0,23$ м-саз және саздақ үшін;

$d_0 = 0,28$ м – құмдақ, ұсақ және шаңды құм үшін;

$d_0 = 0,30$ м – қиыршық тас, ірі және орташа құм үшін.


M_t – аудандағы қыстың орташа айлық теріс температурасының абсолюттік мәндерінің қосындысына сандық тең өлшемсіз коэффициент, СП РК 2.04-01-2017 «Құрылыс климатология» (14-кестеден) аламыз. Қызылорда қаласындағы қыстың орташа айлық теріс температурасының абсолюттік мәндерінің қосындысы $M_t = 22,6$.

2 Есептік – құрылымдық бөлім

2.1 Есептік схеманы құру

Лири-САПР 2016 бағдарламасы бойынша ғимараттың кеңістіктік жүйесі есептелінеді. Есептік схеманы құру үшін бастапқы мәліметтер төменде келтірілген.

- Ғимарат ішіндегі ұстындар торы: 6х6 м;
- Ғимарат өлшемі: 60х42 м;
- Қабат биіктігі: 5 м;
- Жертөле биіктігі: 5 м;
- Қабат саны: 4;
- Бетон класы C25/30;
- Ұстын қимасы: 400х400мм.



2.1 Сурет – Ғимараттың есептік схемасы

2.2 Жүктемелерді анықтау

2.2.1 Қар жүктемесін анықтау

Жабынға түсетін қар жүктемелерін қалыптасқан / өтпелі есептік жағдайлар үшін келесідей есептеу керек:

$$S_1 = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot S_k$$

мұндағы: μ_1 - қар жүктемесі нысанының(формасының) коэффициенті. Оның мәнін “НТП РК 01-01-3.1-2017 Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер” құжатындағы 1-3 “Қар жүктемелері” бөлімінен анықтаймыз. 14 беттегі 5.2-кесте “Қар жүктемелері нысандарының коэффициенттері” кестесінен бір жақты(односкатная) жабын үшін $\mu_i = 0,8$ етіп аламыз, өйткені шатырымыз тегіс болып табылады;

C_e - Қоршаған орта коэффициенті. Оның мәнін “НТП РК 01-01-3.1-2017 Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер” 1-3 “Қар жүктемелері” бөлімінен анықтаймыз. 14 беттегі 5.1-кесте “Мекеннің әр түрлі шарттарына ұсынылатын C_e коэффициентінің мәні” кестесінен желден қорғалмаған аудан үшін $C_e = 0,8$ етіп аламыз, себебі біздің шатырымыз тегіс және ғимарат ашық алаңда орналасқан деп қабылдаймыз;

S_k - топырақтағы қар жүктемесінің сипаттамалық мәні. Оның мәнін “НТП РК 01-01-3.1-2017 Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер” кітабындағы 1-3 “Қар жүктемелері” бөлімінен анықтаймыз. Ол үшін 37 беттегі В-қосымшасының “ҚР аумағын қар жүктемелерін аудандастыру” картасын қолданамыз. Қызылорда қаласы қар жүктемесі бойынша I ауданда орналасқандықтан, $S_k = 0,8$ кПа-ға тең.

Сонда жабынға түсетін қар жүктемелерін қалыптасқан / өтпелі есептік жағдайлар үшін үйінді есепке алмаған кезіндегі мәні тең болады:


$$S = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot S_k = 0,8 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 0,8 = 0,512 \text{ кПа}$$

2.2.2 Жел жүктемесін анықтау

Ғимарат өлшемдері 60x42x20м.

1. Жел жағына сыртқы қысым (D аймағы):

Ғимаратты биіктігі бойынша $h=20 \text{ м} < b=60 \text{ м}$ кезінде z_e сыртқы қысымының базалық биіктігіне сәйкес аймақтарға бөлейік.



2.2 Сурет – h және b жылдамдық басының профіліне байланысты z_e негізгі биіктігі


Ең алдымен жоғары жылдамдықтағы бастың шынын анықтаймыз:

$$q_p(z) = [1 + 7 \cdot l_v(z)] \cdot \frac{1}{2} \cdot \rho \cdot v_m^2(z) = c_e(z) \cdot q_b \quad (2.2.1)$$

мұндағы $c_e(z)$ – экспозиция коэффициенті, III типті жел ауданының сызығымен ғимарат биіктігінің сызығы қиылысқан жеріндегі мәніне тең:

$$h = 20 \text{ м}, \quad c_e(z) = 2,2$$

q_b - орташа (негізгі) жылдамдық арынының мәні, “ҚР аумағын жел жылдамдығының негіздерімен аудандастыру” картасының көмегімен анықталады. Қызылорда қаласы үшін оның мәні $q_b = 0,56$ кПа-ға тең.



2.3 Сурет – Экспозиция коэффициентін анықтау

Жоғары жылдамдықтағы бастың шынының мәні:

$$q_p(z) = c_e(z) \cdot q_b = 2,2 \cdot 0,56 = 1,232 \text{ кПа}$$

Ғимарат жақтарына әсер ететін қысымды анықтау. Ғимарат құрылымының сыртқы беттеріне әсер ететін желдің қысымы W_e , келесі формула бойынша анықталады:

$$W_e = q_p(z_e) \cdot c_{pe} \quad (2.2.2)$$

мұндағы c_{pe} – сыртқы қысымның аэродинамикалық коэффициенті, 7.1 “Тікбұрышты ғимарат жоспарындағы тік қабырғалардың сыртқы қысым коэффициенттері” кестесінен интерполяция әдісімен анықтап аламыз:

$$\frac{h}{b} = \frac{20}{60} = 0,33$$

A беті үшін $c_{pe,10} = -1.2$

B беті үшін $c_{pe,10} = -0.8$


D беті үшін $c_{pe,10} = +0.711$

E беті үшін $c_{pe,10} = -0.5$


Ғимарат құрылымының сыртқы беттеріне әсер ететін желдің қысымы (ғимарат биіктігі енінен кіші болғандықтан жел қысымының тек бір жолағы ғана алынады).

Ғимаратқа қысымның таралуын дұрыс ескеру үшін келесі суреттерді қолданамыз.

А)




б)



2.4 Сурет – Ғимаратта жел қысымының таралуы

Тегіс шатырларда жел аймағы келесі суретке сәйкес бөлінеді:



2.5 Сурет – Тегіс шатыр үшін жел қысымының таралуы

Желден түсетін жүктемелер қабаттасу деңгейінде қолданылады.

2.2 Кесте – $b=60$ м болған кездегі жел жүктемесі

1 қабат		
D	$W_e = 2,2 \cdot (+0,711) = 1,564 \text{ кН/м}^2$	$1,564 \cdot 2,5 = 3,91 \text{ кН/м}$
A	$W_e = 2,2 \cdot (-1,2) = -2,64 \text{ кН/м}^2$	$-2,64 \cdot 2,5 = -6,6 \text{ кН/м}$
B	$W_e = 2,2 \cdot (-0,8) = -1,76 \text{ кН/м}^2$	$-1,76 \cdot 2,5 = -4,4 \text{ кН/м}$
E	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 2,5 = -2,75 \text{ кН/м}$
2-4 қабат		
D	$W_e = 2,2 \cdot (+0,711) = 1,564 \text{ кН/м}^2$	$1,564 \cdot 5 = 7,82 \text{ кН/м}$
A	$W_e = 2,2 \cdot (-1,2) = -2,64 \text{ кН/м}^2$	$-2,64 \cdot 5 = -13,2 \text{ кН/м}$
B	$W_e = 2,2 \cdot (-0,8) = -1,76 \text{ кН/м}^2$	$-1,76 \cdot 5 = -8,8 \text{ кН/м}$
E	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 5 = -5,5 \text{ кН/м}$
Шатыр		
D	$W_e = 2,2 \cdot (+0,711) = 1,564 \text{ кН/м}^2$	$1,564 \cdot 2,5 = 3,91 \text{ кН/м}$
A	$W_e = 2,2 \cdot (-1,2) = -2,64 \text{ кН/м}^2$	$-2,64 \cdot 2,5 = -6,6 \text{ кН/м}$
B	$W_e = 2,2 \cdot (-0,8) = -1,76 \text{ кН/м}^2$	$-1,76 \cdot 2,5 = -4,4 \text{ кН/м}$
E	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 2,5 = -2,75 \text{ кН/м}$

$$\frac{h}{b} = \frac{20}{42} = 0,48$$

A беті үшін $c_{pe,10} = -1.2$

B беті үшін $c_{pe,10} = -0.8$

C беті үшін $c_{pe,10} = -0.5$

D беті үшін $c_{pe,10} = +0.73$

E беті үшін $c_{pe,10} = -0.5$

Желден түсетін жүктемелер қабаттасу деңгейінде қолданылады:

2.3 Кесте – b=42 м болған кездегі жел жүктемесі

1 қабат		
D	$W_e = 2,2 \cdot (+0,73) = 1,606 \text{ кН/м}^2$	$1,606 \cdot 2,5 = 4,015 \text{ кН/м}$
A	$W_e = 2,2 \cdot (-1,2) = -2,64 \text{ кН/м}^2$	$-2,64 \cdot 2,5 = -6,6 \text{ кН/м}$
B	$W_e = 2,2 \cdot (-0,8) = -1,76 \text{ кН/м}^2$	$-1,76 \cdot 2,5 = -4,4 \text{ кН/м}$
C	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 2,5 = -2,75 \text{ кН/м}$
E	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 2,5 = -2,75 \text{ кН/м}$
2-4 қабат		
D	$W_e = 2,2 \cdot (+0,73) = 1,606 \text{ кН/м}^2$	$1,606 \cdot 5 = 8,03 \text{ кН/м}$
A	$W_e = 2,2 \cdot (-1,2) = -2,64 \text{ кН/м}^2$	$-2,64 \cdot 5 = -13,2 \text{ кН/м}$
B	$W_e = 2,2 \cdot (-0,8) = -1,76 \text{ кН/м}^2$	$-1,76 \cdot 5 = -8,8 \text{ кН/м}$
C	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 5 = -5,5 \text{ кН/м}$
E	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 5 = -5,5 \text{ кН/м}$
Шатыр		
D	$W_e = 2,2 \cdot (+0,73) = 1,606 \text{ кН/м}^2$	$1,606 \cdot 2,5 = 4,015 \text{ кН/м}$
A	$W_e = 2,2 \cdot (-1,2) = -2,64 \text{ кН/м}^2$	$-2,64 \cdot 2,5 = -6,6 \text{ кН/м}$
B	$W_e = 2,2 \cdot (-0,8) = -1,76 \text{ кН/м}^2$	$-1,76 \cdot 2,5 = -4,4 \text{ кН/м}$
C	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 2,5 = -2,75 \text{ кН/м}$
E	$W_e = 2,2 \cdot (-0,5) = -1,1 \text{ кН/м}^2$	$-1,1 \cdot 2,5 = -2,75 \text{ кН/м}$

2.3 Сейсмикалық жүктемелерді анықтау

Құрылыс орны: Қызылорда қаласы

Ғимараттар мен құрылыстардың мақсаты бойынша жауапкершілік класы: “сп рк 2.03-30-2017 – Сейсмика” нормативінің қабаттылығы бойынша II класқа, міндеті бойынша III класқа жатады.

Ғимараттардың қабаттылығы бойынша жауапкершілік класы: “сп рк 2.03-30-2017 – Сейсмика” нормативінің 156 бетіндегі 7.3-кесте бойынша III класқа жатады.

Үдеу: $0,54 \text{ м/с}^2$ (“сп рк 2.03-30-2017 – Сейсмика” нормативінің 104 бетіндегі Е қосымшасынан алынған мәннің g мәніне көбейтіндісіне тең).

Топырақ типі: “СН РК EN 1998-1+НП – Проектирование сейсмостойких конструкций” нормативінің 42-ші бетіндегі 3.1-кесте-топырақ жағдайларының түрлері кестесінен С (3) типті таңдаймыз (орташа тығыз құмдар үшін).

Сейсмикалық күштер үшін түзету коэффициенті: “сп рк 2.03-30-2017 – Сейсмика” нормативінің 7.4-кесте бойынша келесі формуламен анықталады:

x, y бағыты бойынша: $\gamma_{1h} = 1,0$

z бағыты бойынша: $\gamma_{1h} = 1,0$.

2.4 Арқалық есебі және құрылымдалуы

Төменгі жағы арматураланған $b = 350$ мм, $h = 500$ мм; $c_1 = 30$ мм (бетонның қорғаныш қабаты) өлшемді тікбұрышты қима берілген. Бетон классы – С25/30.

Бетонның сығылу кезіндегі есептік кедергісі:

$$f_{cd} = \alpha_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = 0,85 \cdot \frac{25}{1,5} = 14,16 \text{ МПа}$$

мұндағы $f_{ck} = 25$ МПа - бетонның сығылу кезіндегі сипаттамалық кедергісі, СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 3.1 кестесінде келтірілген;

$\gamma_c = 1,5$ - бетонның жеке қауіпсіздік коэффициенті, СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 2.1N кестесінде келтірілген.

$\alpha_{cc} = 0,85$ (жүктеменің беріктікке ұзақ әсерін ескеретін коэффициент)

Арматураның есептік кедергісі:

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1,15} = 435 \text{ МПа}$$

мұндағы $f_{yk} = 500$ МПа – арматураның сипаттамалық кедергісі;

$\gamma_s = 1,15$ – арматураның жеке қауіпсіздік коэффициенті, СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 2.1N кестесі бойынша анықтаймыз.

Қимада әрекет ететін иілу моменті: $M_{Ed1} = -115,9$ кН·м

$$M_{Ed2} = 52,5 \text{ кН·м}$$

$$M_{Ed3} = -102,6 \text{ кН·м}$$

1 Бойлық арматураның ауданын анықтау

а) Қиманың ортасына әсер ететін иілу моменті:

$$M_{Eds} = M_{Ed2} - N_{Ed} \cdot z_{s1} = 52,5 \text{ кН·м}, (N_{Ed} = 0)$$

Өлшемсіз байланыстырушы коэффициент:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{Eds}}{b}}} = \frac{47}{\sqrt{\frac{52,5}{0,35}}} \approx 3,84$$

В қосымшасының В3 кестесі бойынша қалыпты бетон үшін $\leq C50 / 60 \rightarrow k_s$ анықтаймыз. $k_s = 2,37$

Созылған арматураның талап етілетін ауданы:

$$A_{s1} [\text{см}^2] = k_s \cdot \frac{M_{Eds} [\text{кН·м}]}{d [\text{см}]} + \frac{N_{Ed} [\text{кН}]}{43,5} = 2,37 \cdot \frac{52,5}{47} + \frac{0}{43,5} = 2,65 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 2Ø14 S500 ($A_{s1}=3,08 \text{ см}^2$).

Тірек маңындағы қимаға әсер ететін иілу моменті:

$$M_{Eds}=M_{Ed3} - N_{Ed} \cdot z_{s1}=115,9 \text{ кН}\cdot\text{м}, (N_{Ed} = 0)$$

Өлшемсіз байланыстырушы коэффициент:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{Eds}}{b}}} = \frac{47}{\sqrt{\frac{115,9}{0,35}}} \approx 2,58$$

В қосымшасының В3 кестесі бойынша қалыпты бетон үшін $\leq C50 / 60 \rightarrow k_s$ анықтаймыз. $k_s=2,441$

Созылған арматураның талап етілетін ауданы:

$$A_{s2}[\text{см}^2]=k_s \cdot \frac{M_{Eds}[\text{кН}\cdot\text{м}]}{d[\text{см}]} + \frac{N_{Ed}[\text{кН}]}{43,5} = 2,441 \cdot \frac{115,9}{47} + \frac{0}{43,5} = 6,019 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 2Ø20 S500 ($A_{s2}=6,28 \text{ см}^2$).

2 Көлденең арматураның ауданын анықтау

Арқалықтың ұзындығы $L=6\text{м}$. Тіктөртбұрышты қиманың өлшемдері $b=350 \text{ мм}$, $h=500 \text{ мм}$. Бетон классы C25/30. Көлденең арматура классы S240 ($f_{yk} = 240 \text{ МПа}$, $f_{ywd} = 167 \text{ МПа}$). Қорғаныш қабаты $c_1=c_2=30 \text{ мм}$.

Көлденең арматураны орнату қажет учаскенің ұзындығы есептеу, көлденең күштердің диаграммасымен анықталады.

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{470}} = 1,65 \leq 2;$$

$$\rho_l = \frac{A_s}{b_w \cdot d} = \frac{308}{350 \cdot 470} = 0,0019$$

$$V_{Rd,c} = \left[0,12 \cdot 1,65 \cdot (100 \cdot 0,0019 \cdot 25)^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 350 \cdot 470 = 54751 \text{ Н} \approx 54,8 \text{ кН}$$

Көлденең күштің мәні: $V_{Ed} = 88,6 \text{ кН}$

Көлденең арматура орнатылуы керек учаскенің ұзындығын анықтаймыз (тірек осінен санағанда):

$$\alpha_{w1} = \frac{V_{Ed} - V_{Rd,c}}{g + q} = \frac{88,6 - 54,8}{22,8} = 1,48 \text{ м}$$

Көлденең арматурасы бар қима қабылдайтын есептік көлденең күш бұл қимадағы көлденең күшке тең: $V_{Rd,sy} = V_{Ed} = 88,6 \text{ кН}$

Жарықтардың горизонтальға көлбеу бұрышы $\theta=40^\circ$

$V_{Rd,sy} = \frac{A_{sw}}{s} \cdot d_z \cdot f_{ywd} \cdot ctg \theta$ (көлденең арматурасы бар қима қабылдайтын есептік көлденең күш)

Көлденең арматураның адымын қабылдаймыз $s = 100 \text{ мм}$.

$$A_{sw1} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{d \cdot f_{sw} \cdot ctg \theta} = \frac{88,6 \cdot 10^3 \cdot 100}{470 \cdot 167 \cdot ctg 40^\circ} = 94,7 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: 2Ø8 S240 ($A_{sw1} = 101 \text{ мм}^2$).

Бұл жағдайда келесі шарттар орындалуы керек:

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} \leq 0,5 \cdot \nu \cdot f_{cd} \quad (2.4.1)$$

мұндағы ν - созылу жағдайында бетонның сығылу беріктігінің төмендеуін ескеретін және ауыр бетон үшін тең коэффициент:

$$\nu = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right) = 0,6 \left(1 - \frac{25}{250} \right) = 0,54 \geq 0,5$$

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{101 \cdot 167}{350 \cdot 100} = 0,48$$

$$0,5 \cdot \nu \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,54 \cdot 17 = 4,59 \text{ МПа}$$

$0,48 < 4,59$ шарт орындалды.

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,max} = \frac{\nu \cdot f_{cd} \cdot b_w \cdot d_z}{cot \theta + tan \theta} = \frac{0,54 \cdot 14,16 \cdot 350 \cdot 1000}{1,192 + 0,839} = 1317 \text{ кН}$$

$V_{Ed} = 88,6 \text{ кН} < V_{Rd,max} = 1317 \text{ кН}$ шарт орындалды.

Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз $s = 200 \text{ мм}$.

$$A_{sw2} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{d \cdot f_{sw} \cdot ctg \theta} = \frac{38,3 \cdot 10^3 \cdot 200}{470 \cdot 167 \cdot ctg 40^\circ} = 81,87 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: 2Ø8 S240 ($A_{sw2} = 101 \text{ мм}^2$).

2.5 Ұстынды есептеу

Ұстын қимасының өлшемдері $b = 400$ мм, $h = 400$ мм. Бетон классы C25/30. Бетонның сығылу кезіндегі есептік кедергісі:

$$f_{cd} = \alpha_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = 0,85 \cdot \frac{25}{1,5} = 14,16 \text{ МПа}$$

мұндағы $f_{ck} = 25$ МПа - бетонның сығылу кезіндегі сипаттамалық кедергісі, СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 3.1 кестесінде келтірілген;

$\gamma_c = 1,5$ - бетонның жеке қауіпсіздік коэффициенті, СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 2.1N кестесінде келтірілген;

$\alpha_{cc} = 0,85$ (жүктеменің беріктікке ұзақ әсерін ескеретін коэффициент).

Арматураның есептік кедергісі:

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1,15} = 435 \text{ МПа}$$

мұндағы $f_{yk} = 500$ МПа - арматураның сипаттамалық кедергісі;

$\gamma_s = 1,15$ - арматураның жеке қауіпсіздік коэффициенті, СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 2.1N кестесі бойынша анықтаймыз.

Ұстынның есептік ұзындығын, ұстынның икемділігін, ұстындарға арналған иілімділік критерийі және ұстындар арматураларының бойлық қималарының іріктелімдерін анықтаймыз.

1 Ұстынның есептік ұзындығын анықтау (НТП РК 02-01-1.6-2013 6.3.2 мысал бойынша есептейміз)

$$L_0 = 0,5l = 0,5 \cdot 5 = 2,5 \text{ м}$$

Элементтің еркін ұзындығы тіректің үстіңгі және астыңғы бөліктеріндегі босатпаларды ескере отырып ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.8.3.2(3)-т. (5.15) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$l_0 = 0,5l \cdot \sqrt{\left(1 + \frac{k_1}{0,45 + k_1}\right) \cdot \left(1 + \frac{k_2}{0,45 + k_2}\right)} = 2,95 \text{ м}$$

$$2,95 > 0,5l = 0,5 \cdot 5 = 2,5 \text{ м}$$

$l_0 = 2,95$ м деп қабылдаймыз.

2 Ұстынның шекті иілгіштігін анықтау

Екінші түрге жататын әсерлер λ иілгіштік элементтің λ_{lim} шекті иілгіштігінен кем болса ескерілмеуі мүмкін.

$$\lambda \leq \lambda_{\lim} \quad (2.4.2)$$

Иілгіштік мына формула бойынша анықталады:

$$\lambda = \frac{l_0}{i} = \frac{2950}{114,6} = 25,74$$

мұндағы l_0 – есептік ұзындық, 5.8.3.2 (2) – (7) ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011;

i - жарықтары жоқ бетонның қимасы үшін инерция радиусы.

$$i = \sqrt{\frac{I}{A_c}} = \sqrt{\frac{2,1 \cdot 10^9}{400 \cdot 400}} = 114,6 \text{ мм}$$

$\lambda_{\lim}$ ұсынылатын мәні (5.13N) формула бойынша анықталады ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша:

$$\lambda_{\lim} = \frac{20 \cdot A \cdot B \cdot C}{\sqrt{n}} \quad (2.4.3)$$

$$A = \frac{1}{1 + 0,2 \cdot \varphi_{ef}} \quad (2.4.4)$$

Мәліметтер жоқ болған жағдайда $A=0,7$ деп алуға болады. Алдымен, шартты тексерейік.

Тиімді жылжығыштық коэффициенті (5.19) формуласы бойынша анықталады 5.8.4 т.т. ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша:

$$\varphi_{ef} = \frac{\varphi_{(\infty, t_0)} \cdot M_{0Eqp}}{M_{0Ed}} \quad (2.4.5)$$

мұндағы $\varphi_{(\infty, t_0)}$ - жылжығыштық коэффициенті;

M_{0Eqp} -моменттің сипаттамалық мәні (SLS) (екінші түрдегі талдау ескерілмеген (иілгіш кезеңде));

M_{0Ed} -107 кН·м моменттің есептік мәні (ULS) (екінші түрдегі талдау ескерілмеген (иілгіш кезеңде)).

Бетонның жылжығыштығы:

Жылжығыштық коэффициентін $\varphi_{(t, t_0)}$ анықтаймыз (Б қосымшасында көрсетілген)

$$\varphi_{(t, t_0)} = \varphi_0 \cdot \beta_c(t, t_0) \quad (2.4.5)$$

$t=\infty$ үшін $\beta_c(t, t_0)=1$

$$\varphi_0 = \varphi_{RH} \cdot \beta(f_{cm}) \cdot \beta(t_0) \quad (2.4.6)$$

мұндағы φ_{RH} – ылғалдықтың жылжығыштық коэффициентіне әсерін сипаттайтын коэффициент.

$$f_{cm} = f_{ck} + 8 = 25 + 8 = 33 \text{ МПа}$$

$$f_{cm} = 33 \text{ МПа} > 35 \text{ МПа} \text{ үшін } \varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1-RH/100}{0,1 \sqrt[3]{h_0}} \cdot \alpha_1 \right] \cdot \alpha_2$$

$$h_0 = \frac{2 \cdot A_c}{u} = \frac{2 \cdot 400 \cdot 400}{1600} = 200 \text{ мм}$$

мұндағы A_c – бетон қимасының ауданы;

u – қиманың периметрі.

Бетонның салыстырмалы ылғалдығы 80% ($RH=80\%$)

α_1, α_2 – бетон беріктігінің әсерін ескеруге арналған коэффициенттер:

$$\alpha_1 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{-0,7} = \left[\frac{35}{33} \right]^{-0,7} \approx 0,96$$

$$\alpha_2 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{-0,2} = \left[\frac{35}{33} \right]^{-0,2} \approx 0,99$$

$$\varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1-RH/100}{0,1 \sqrt[3]{h_0}} \cdot \alpha_1 \right] \cdot \alpha_2 = \left[1 + \frac{1-80/100}{0,1 \sqrt[3]{200}} \cdot 0,96 \right] \cdot 0,99 = 1,32$$

мұндағы $\beta(f_{cm})$ –бетонның сығу кезіндегі беріктілігінің шартты жылжу коэффициентіне әсерін есепке алатын коэффициент:

$$\beta(f_{cm}) = \frac{16,8}{\sqrt{f_{cm}}} = \frac{16,8}{\sqrt{33}} = 2,92$$

мұндағы $\beta(t_0)$ – бетон жасының алғашқы жүктеу кезіндегі шартты жылжу коэффициентіне әсерін есепке алатын коэффициент.

$$\beta(t_0) = \frac{1}{(0,1 + t_0^{0,2})} = \frac{1}{(0,1 + 30^{0,2})} = 0,48$$

Жылжығыштық коэффициентінің мәні:

$$\varphi_{(\infty, t_0)} = \varphi_0 = 1,32 \cdot 2,92 \cdot 0,48 = 1,85$$

Жылжығыштықты анықтауды қажет етпейтін шарттар:

$$\varphi_{(\infty, t_0)} = 1,85 < 2$$

$$\lambda = 25,74 < 75$$

$$\frac{M_{0Ed}}{N_{Ed}} = \frac{76300000}{125000} = 610,4 > 400$$

мұндағы h - моменттің әсер ету жазықтығындағы қиманың биіктігі;

$$\frac{M_{0Ed}}{N_{Ed}} \geq h \text{ шарты орындалмаса, жылығыштық ескеріледі.}$$

$\frac{M_{0Ed}}{N_{Ed}} \geq h$ шарты орындалды, демек жылығыштық ескерілмейді. $A=0,7$ деп қабылдаймыз.

$$B = \sqrt{1 + 2 \cdot \omega} \quad (2.4.7)$$

Басқа мәліметтер келтірілмеген, сондықтан $B=1,1$ деп аламыз (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.8.3.1 т.т. көрсетілген).

$$C = 1,7 - r_m \quad (2.4.8)$$

$$r_m = \frac{M_{01}}{M_{02}} = \frac{48,9}{76,3} = 0,64$$

$$|M_{02}| > |M_{01}| \quad (2.4.9)$$

Біздің жағдайда, $C = 1,7 - r_m = 1,7 - 0,64 = 1,06$

Салыстырмалы бойлық күш салу n (5.8.3.1 т.т. көрсетілген ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011-да):

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{125000}{400 \cdot 400 \cdot 14,16} = 0,055$$

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \cdot A \cdot B \cdot C}{\sqrt{n}} = \frac{20 \cdot 0,7 \cdot 1,1 \cdot 1,08}{\sqrt{0,055}} = 70,92$$

$$\lambda_{lim} = 70,92 > \lambda = 25,74$$

Шарт орындалады. Демек, иілгіштігі жеткілікті, екінші ретті әсерлерді елемеуге болады.

3 Ұстындардың арматурасын есептеу

Қиманың жұмыстық биіктігі: $d = h - c_1 = 400 - 30 = 370$ мм

$\frac{e_d}{h} = \left| \frac{M_{Ed}}{N_{Ed} \cdot h} \right| = \left| \frac{-76,3}{(-125) \cdot 0,4} \right| = 1,526 < 3,5 \Rightarrow$ есептеуді $\alpha - \vartheta$ итерациялық диаграмманың көмегімен жүргіземіз.

α_{Eds} және ϑ_{Ed} мәндерін мына формулалар арқылы табамыз:

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot h^2} = \frac{76,3 \cdot 10^6}{14,16 \cdot 400 \cdot 400^2} = 0,084$$

$$\vartheta_{Ed} = \frac{N_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d} = \frac{-125000}{14,16 \cdot 400 \cdot 370} = -0,059$$

Бойлық арматураның талап етілетін ауданын $\frac{c_1}{h} = \frac{30}{400} = 0,075$ қарай Г.2-суретке сәйкес анықтаймыз (Г қосымшасында келтірілген) $\rightarrow \omega_{tot} = 0,30$

$$A_{s,tot} = \omega_{tot} \cdot \frac{b \cdot h}{\frac{f_{yd}}{f_{cd}}} = 0,30 \cdot \frac{400 \cdot 400}{\frac{435}{14,16}} = 1562,48 \text{ мм}^2$$

$$A_{s,1} = A_{s,2} = \frac{A_{s,tot}}{2} = \frac{1562,48}{2} = 781,24 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: 4Ø25 S500 ($A_{s1} = 1963 \text{ мм}^2$)

4 Көлденең арматураны таңдау

Көлденең арматураның диаметрі қайсысы үлкен екеніне байланысты 6 мм-ден немесе бойлық арматураның ең жоғары диаметрінің 1/4 бөлігінен кем болмауы тиіс ($25/4=6,25 \text{ мм}$).

Ұстынның бойындағы көлденең арматура арасындағы қашықтық келесі үш қашықтықтың $S_{cl,tmax}$ ең кіші мәніне тең болуы керек.

1. Ең кіші бойлық арматураның диаметрінен 20 есе көп ($20 \cdot 25 = 500 \text{ мм}$);
2. Ұстын қимасының ең кіші мәніне (400 мм);
3. 400 мм .

Диаметрі 8 мм көлденең арматураны 400 мм қадаммен қабылдаймын.

3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлім

3.1 Технологиялық бөлімше

3.1.1 Ғимаратты салу жұмыстарының көлемін анықтау

1) Уақытша қоршау құрылғысы

Ғимарат құрылысын бастамас бұрын алдымен құрылыс алаңын қоршау керек. Ғимарат пішініне байланысты қоршаудың периметрі төмендегі формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{огр}} = (20 + l_1) + (20 + l_2) + (20 + l_3) + (20 + l_4) + (20 + l_5) + (20 + l_6) \quad (3.1.1)$$

Әр бағыттағы ғимараттың осьтерінен қашықтығы 20 м деп алынады.

$$P_{\text{огр}} = (20 + 60) + (20 + 42) + (20 + 24) + (20 + 24) + (20 + 36) + (20 + 18) = 324 \text{ м}$$

2) Өсімдік қабатын кесу

Қазаншұңқыр жасау кезінде өсімдік қабатын кесу аумағы:

$$S_1 = (10 + l_{1\text{п.в}} + 10) \cdot (10 + l_{2\text{п.в}} + 10) = (10 + 69 + 10) \cdot (10 + 51 + 10) = 6319 \text{ м}^2$$

мұндағы $l_{1\text{п.в}}$ – қазаншұңқырдың жоғарғы жағындағы ұзындығы;

$l_{2\text{п.в}}$ – қазаншұңқырдың жоғарғы жағындағы ені.

$$l_{1\text{п.в}} = l_{1\text{п.н}} + 2mh = 62,6 + 2 \cdot 0,5 \cdot 6,4 = 69 \text{ м}$$

$$l_{2\text{п.в}} = l_{2\text{п.н}} + 2mh = 44,6 + 2 \cdot 0,5 \cdot 6,4 = 51 \text{ м}$$

мұндағы $l_{1\text{п.н}}$ – қазаншұңқырдың төменгі жағындағы ұзындығы;

$l_{2\text{п.н}}$ – қазаншұңқырдың төменгі жағындағы ені.

$$l_{1\text{п.н}} = l_1 + (1,3 \cdot 2) = 60 + 2,6 = 62,6 \text{ м}$$

$$l_{2\text{п.н}} = l_2 + (1,3 \cdot 2) = 42 + 2,6 = 44,6 \text{ м}$$

Өсімдік қабатын кесудің толық көлемі формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{ср}} = S_{1(a)} \cdot 0,15 = 6319 \cdot 0,15 = 947,85 \text{ м}^3$$

3) Шұңқырдағы топырақты қазу

Қазаншұңқырдың көлемін анықтау:

$$V_k = \frac{h}{6} ((2l_{1п.н} + l_{1п.в}) \cdot l_{2п.н} + (2l_{1п.в} + l_{1п.н}) \cdot l_{2п.в}) = \\ = \frac{6,4}{6} ((2 \cdot 62,6 + 69) \cdot 44,6 + (2 \cdot 69 + 62,9) \cdot 51) = 20167,7 \text{ м}^3$$

Ғимараттың пішініне байланысты қазаншұңқырдың көлемі келесідей болады:

$$V_k = 20167,7 - 7993,9 = 12173,8 \text{ м}^3$$

Қазаншұңқырға шығатын траншеяның құрылысына жер жұмыстарының көлемі мына формула бойынша есептеледі:

$$V_{тр.с.} = \beta \left(\frac{b \cdot h^2}{2} + \frac{m \cdot h^3}{3} \right) = 10 \left(\frac{6 \cdot 6,4^2}{2} + \frac{0,5 \cdot 6,4^3}{3} \right) = 1665,7 \text{ м}^3$$

4) Топырақтың жетіспеушілігін дамыту

Топырақтың жетіспеушілігі төмендегі формула бойынша анықталады:

$$V_{недоб.} = F_k \cdot \Delta h_H = 2791,96 \cdot 0,1 = 279,196 \text{ м}^3$$

Ғимараттың пішініне байланысты қазаншұңқырдың көлемі келесідей болады:

$$V_{недоб.} = 279,196 - 102,676 = 176,52 \text{ м}^3$$

мұндағы F_k – іргетас шұңқырының түбінің ауданы:

$$F_k = l_{1п.н} \cdot l_{2п.н} = 62,6 \cdot 44,6 = 2791,96 \text{ м}^2$$

Δh_H - 0,05 ÷ 0,2 - экскаваторды игеру кезіндегі топырақ тапшылығының мөлшері, м.

5) Іргетасқа бетон дайындау құрылғысы

Бір іргетас үшін бетонды дайындау көлемі (жолақты іргетас үшін):

$$W_{п} = F_{п} \cdot h_{п} = 1719,49 \cdot 0,1 = 171,949 \text{ м}^3$$

$$F_{п1} = a_1 \cdot b_1 = 36,35 \cdot 18,7 = 679,745 \text{ м}^2, \quad F_{п2} = a_2 \cdot b_2 = 24,35 \cdot 42,7 = 1039,745 \text{ м}^2$$

6) Арматураларды монтаждау

Жолақты іргетас үшін арматура шығыны:

$$G_1 = g \cdot V_{\phi} = 125 \cdot 2407,286 = 300910,75 \text{ кг} = 300,9 \text{ т}$$

$$G_1 = g \cdot V_{\phi} = 125 \cdot 234,432 = 29304 \text{ кг} = 29,3 \text{ т}$$

мұндағы g – 1 м^3 бетонға арматура жақтауларының шығыны ($100-150\text{ кг/м}^3$);

$$V_{\phi} = a \cdot b \cdot c = 1719,49 \cdot 1,4 = 2407,286 \text{ м}^3$$

$$V_{\phi} = P \cdot h \cdot c = 122,1 \cdot 6,4 \cdot 0,3 = 234,432 \text{ м}^3$$

7) Қалыптарды орнату

Монолитті жұмыстарға арналған қалып элементтердің жиынтығынан тұратын қосалқы құрылым болып табылады және монолитті бетон немесе темірбетон құрылымдарына қажетті геометриялық пішіндер мен кеңістіктегі позицияларды беруге қызмет етеді. Қазіргі заманғы құрылыстарда мамандандырылған кәсіпорындарда жасалған әртүрлі қалыптар қолданылады. Соның ішіндегі ең кең таралған түрі үлкен-қалқанды қалып болып табылады.

Ірі қалқан қалыптау жүйелерін өнеркәсіптік пайдалану шығындарды едәуір азайтуға және құрылыс объектісінің рентабельділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жабдық берік материалдардан жасалған, сондықтан ол бетон массасының айтарлықтай жүктемелеріне оңай төтеп бере алады. Ол тірек элементтерімен, қосылыстармен және бекітпелермен құрылымдық байланысты үлкен өлшемді қалқандардан тұрады. Бұл қалыпты орнату және бөлшектеу ауыр техниканы тартуды талап етеді, сондықтан бұл процестер ерекше еңбек сыйымдылығымен ерекшеленбейді, сонымен қатар аз уақытты алады.

Үлкен қалқанды қалыптың бірқатар артықшылықтары бар:

- жүйенің қарапайымдылығы;
- монолитті жұмыстардың жоғары өнімділігі;
- үлкен қалқан бетон қоспасының жоғары жүктемелеріне төтеп бере алады;
- қалқандардың сенімділігі мен беріктігі, айналымның жоғары көрсеткіші;
- қалып қалқандарының тығыз орналасуы қосымша өңдеуді қажет етпейтін және тегіс бетон бетін алуды қамтамасыз етеді;
- қалыптың төмен бағасы.



3.1 Сурет – Ірі қалқанды қалып

Үлкен қалқан қабырғаларды, бағандарды, іргетастарды тұрғызу үшін қолданылады. Төменде берілген кестеде осы аталған элементтерді қарастырамыз.

3.1 Кесте – Іргетасты қалыптау

Қалқан (щит) атауы	Белгіленуі	Өлшемдері, м		Бір қалқанның ауданы, м ²	Қалқан саны, шт	Жалпы ауданы, м ²
		a	b			
Негізгі қалқан	ЩН-1	1,2	1,4	1,68	172	288,96
Бұрыштық қалқан	ЩБ-1	0,6	1,4	0,84	6 (2 тарап)	10,08

Іргетастың түрі – тақталы, әрі бірдей өлшемдік жүйеге сәйкес келеді, бұрыштық қалқандар іргетас бұрыштарына орналастырылған.

3.2 Кесте – Қабырғаны қалыптау

Қалқан (щит) атауы	Белгіленуі	Өлшемдері, м		Бір қалқанның ауданы, м²	Қалқан саны, шт	Жалпы ауданы, м²
		a	b			
1 – бөлік						
Негізгі қалқан	ЩН-1	1,2	3,3	3,96	46	182,16
Негізгі қалқан	ЩН-2	1,1	3,3	3,63	60	217,8
Негізгі қалқан	ЩН-3	1,0	3,3	3,3	266	877,8
